

Қамқоршылық кеңесі отырысының  
№ 1

Күн тәртібінде :

1. Оқу тоқсанының ұйымдастырылуы
2. Мектептегі санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы
3. Күзгі каникул кезіндегі оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру

1.1. Бірінші мәселе бойынша: Оқу ісі жөніндегі орынбасары Қуатов Хамит оқу тоқсанының ұйымдастырылуы жөнінде таныстырып өтті. Оқушылардың сабаққа қатысымы, оқу үлгерімі жөнінде айтты. І тоқсан бойынша мұғалімдер мен оқушылардың онлайн байқауға қатысып жүлделі орындармен марапатталып жатыр.

1.2. Екінші мәселе бойынша: Мектеп директоры Бабасов Қуандық мектептегі санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы жөнінде айтып өтті. Мектебіміз штаттық рижим бойынша оқып жатыр. Оқушылар уақытылы сабаққа келеді.

1.3. Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Байсенгірова Оқушылардың күзгі каникул кезінде бос уақыттарын ұйымдастыру бойынша айтып өтті. «Қазақстан балалары күзгі интерактив» тақырыбында іс шаралар жоспары құрылып бекітілді. Жоспар негізінде бекітілген мұғалімдер уақытылы іс шараларды өткізіп ақпарат беріліп отырылады. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында өткізілген шаралар мектебіміздің әлеуметтік желісіне салынып отыр.

Сөйлеушілер:

1. Қамқоршылық кеңестің төрағасы: Е. Молдағалиев сөз алды. Біз үнемі мектеппен байланыс жасап отырамыз. Мектептегі өткізіліп жатқан шараларға оқушылар белсене ат салысады. Ата-аналармен түсінік жұмыстары жүргізіліп, сынып жетекшілері үнемі байланыста.

2. Қамқоршылық кеңестің мүшесі Ж. Әбуталипов : Балалардың себепсіз сабақ қалдырмауын, бос уақытын тиімді пайдалану жолдарын қарастыру, ата-аналар тарапынан бақылау, қадағалау жүргізу керек. Мектепте оқып жатқан өзімің балаларымды үнемі қадағалап отырамын

Шешім:

1. Мектептегі санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы қатаң қадағалансын.

2. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оқушылар іс шараларға толық қатыстырылсын.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



Е. Молдағалиев

М. Басенов